

Қазақстан Республикасы оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32782 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №1054 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14662 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 12 маусымдағы
№ 115 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасында оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес әзірленді және балалар мен ересектерге оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарында.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын анықтамалар:

1) медициналық ұйым (бұдан әрі - МҰ) - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

2) медициналық көмек - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

3) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) – жеке тұлға, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жағдайлардың алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді қоса алғанда, халықтың қажеттіліктеріне бағытталған медициналық көмекке бірінші рет қол жеткізу орны;

4) мамандандырылған медициналық көмек (бұдан әрі - ММК) - диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер құралдарын пайдалана отырып, бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

5) диагностика - аурудың болуы немесе болмауы фактісін анықтауға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

6) консультациялық-диагностикалық сурдологиялық көмек - мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде тәулік бойы медициналық бақылаусыз жоғары технологиялық медициналық көмекті (бұдан әрі - ЖТМК) қолдана отырып медициналық көмек;

7) жоғары технологиялық медициналық қызмет - диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажетсінетін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

8) медициналық ақпарат - медициналық көмек көрсету процесінде туындайтын және медициналық құжаттарда және медициналық ақпараттық жүйелерде көрсетілген пациенттер мен аурулар туралы ақпарат, сондай-ақ денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ақпарат;

9) медициналық қызметтер - нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту және паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілерінің іс-әрекеттері;

10) медициналық куәландыру - жеке тұлғаны аурудың болуы немесе болмауы фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау мақсатында тексеру;

11) медициналық-әлеуметтік сараптама - мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілей отырып (белгілемей), дене функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған куәландырылатын адамның тыныс-тіршілігінің шектеулерін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктерін айқындау;

12) медициналық оңалту - пациент ағзасының бұзылған және (немесе) жарамсыз болған функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

13) пациент - медициналық көмек көрсетуді талап ететін аурудың немесе жай-күйдің болуына немесе болмауына қарамастан медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

14) профилактика - аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатысында өршуінің алдын алуға және қазірдің өзінде дамыған асқынуларды, органдар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

15) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

16) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі - МАЖ) - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

17) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия (бұдан әрі – СБК) - мақсаты денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтердің стандарттауын, клиникалық хаттамаларын, сапасын және қолжетімділігін бақылау жүйесінің стандарттарын жетілдіру, сондай-ақ Кодекстің 25-бабына сәйкес субъектілерді аккредиттеу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу болып табылатын уәкілетті орган жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган;

18) сурдологиялық көмек - есту қабілеті бұзылған адамдардың профилактикасына, уақытылы анықталуына, диагностикалануына, емделуіне, есту мүшелерін протездеуіне бағытталған, консультациялық-диагностикалық, стационарлық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

19) бейінді маман – денсаулық сақтау саласында сертификаты бар жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

20) клиникалық хаттама (бұдан әрі - КХ) - пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезінде профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

21) есту мүшелерін протездеу - есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдарды (есту аппаратын, ортаңғы құлақты имплантациялау жүйесін, сүйек өткізгіштігін, кохлеарлық имплантацияны және басқаларын) пайдалану арқылы адамның коммуникативтік мүмкіндіктерін қалпына келтіру;

22) әмбебап аудиологиялық скрининг - МСАК ұйымдарында барлық жас балаларда (үш жасқа дейін) және алты жаста отоакустикалық эмиссиядан туындаған тіркеу әдісімен есту қабілетінің бұзылуын, қысқа жасырын есту қабілетінің туындаған әлеуетін жыл сайын анықтау;

23) әмбебап неонаталдық аудиологиялық скрининг - бала өмірінің алғашқы үш күні ішінде босандыру ұйымдарында жаңа туған нәрестелердегі есту қабілетінің бұзылуын тіркеу әдісімен, отоакустикалық эмиссиядан және есту қабілетінің қысқа-жасырын туындаған әлеуетін ерте анықтау;

24) есту мүшелерін протездеу - есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдарды (есту аппаратын, ортаңғы құлақты имплантациялау жүйесін, сүйек өткізгіштігін, кохлеарлық имплантацияны және басқаларын) пайдалану арқылы адамның коммуникативтік мүмкіндіктерін қалпына келтіру;

25) есту мүшелерін протездеу кабинеті - сурдологиялық орталық немесе бөлімше (кабинет) жанынан немесе дербес заңды тұлға (оның ішінде жеке меншік нысаны бар) ретінде құрылатын құрылымдық бөлімше;

26) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, оналту орталығы - мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсететін арнайы білім беру ұйымдары;

27) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі - ПМПК) - оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеп-қарауды және консультацияны жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы;

28) дәрігерлік-консультативтік комиссия (бұдан әрі - ДКК) – меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан медициналық ұйымда уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау, пациентті жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетуге жіберу, адам ағзаларын (органның бір бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бір бөлігін) транспланттау, пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу мәселелері, баланың ауруы бар-жоғын анықтаған кезде оны үйде оқытуға жіберу, бақылау, мониторинг, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау және негізділігі мәселелерін шешу бойынша шешім қабылдау үшін құрылатын комиссия;

29) туындаған отоакустикалық эмиссия (бұдан әрі - ТОАЭ) – дыбыс сигналына жауап ретінде кохлеяның сыртқы түкті жасушаларының жиырылуы нәтижесінде сыртқы есту жолында пайда болатын және жазылатын өте әлсіз дыбыс;

30) туындаған қысқа патентті есту потенциалдары (бұдан әрі - ТҚПП) - есту жүйесінің әртүрлі құрылымдарында, негізінен ми бағанасында, дыбыстық ынталандыруға жауап ретінде пайда болатын және бастың жоғарғы бетінен тіркелетін биоэлектрлік потенциалдар;

31) тимпанометрия (импедансометрия) – ортаңғы құлақтың жай-күйін, құлақ қалқанының қозғалғыштық дәрежесін және есту сүйектерінің өткізгіштігін бағалау үшін сыртқы есту жолындағы ауа қысымы өзгерген кезде акустикалық кедергіні өлшеу;

32) стационарлық есту потенциалдары бұл тұрақты модуляцияланған дыбыстық сигналдар тудыратын есту жолының әртүрлі бөлімдерінің электрлік жауаптары.

3. Қазақстан Республикасының халқына оториноларингологиялық көмек мынадай жағдайларда көрсетіледі:

1) тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді көздемейтін амбулаториялық жағдайларда, оның ішінде тәулік бойы стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде;

2) тәулік бойы медициналық бақылауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанумен төсек-орын беруді көздейтін стационарлық жағдайларда, оның ішінде емдеу басталғаннан кейінгі бірінші тәулік ішінде тәулік бойы бақылауды көздейтін "бір күн" терапиясы мен хирургиясы жағдайларында;

3) тәулік бойы медициналық бақылауды және емдеуді талап етпейтін және төсек-орын бере отырып, күндізгі уақытта медициналық бақылауды және емдеуді көздейтін стационарды алмастыратын жағдайларда;

4. Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмекті амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда жоспарлы нысанда медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары, оның ішінде меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан жоғары технологиялық және инновациялық медициналық қызметтерді қолдана отырып көрсетеді.

5. Қазақстан Республикасында оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың құрамындағы МҰ, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер ЛОР- ағзалары аурулары бар пациенттердің профилактикасына, диагностикасына, емделуіне және медициналық оңалтуына, сондай-ақ есту мүшелерін протездеуді, есту-сөйлеуді оңалтуды және арнайы түзету-есту органдарының патологиясы бар адамдарға педагогикалық көмек көрсету.

6. МҰ оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердің профилактикасына, ерте диагностикасына, емделуіне бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

7. МҰ "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (бұдан әрі -

№ ҚР ДСМ -175/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

8. МҰ:

1) меншік нысанына қарамастан, аудандық, қалалық емханалар, медициналық ұйымдар құрылымындағы оториноларингологиялық кабинет;

2) ЛОР-бөлімшесі және оториноларингологияның амбулаториялық-емханалық бөлімшесі бар стационарлар базасында ұйымдастырылатын, өңірдің тиісті халқының саны есебінен кіретін мамандандырылған кабинет (фониатриялық):

ересектер үшін - 200 мың ересек адамға арналған 1 кабинет;

балалар үшін - 400 мың балаға арналған 1 кабинет.

3) оториноларингологиялық көмек орталығы бар стационарлық оториноларингология бөлімшесі, оның ішінде балалар бөлімшесі.

4) аудиологиялық тексеру, есту мүшелерін протездеу мәселелерін шешу, есту қабілетін жақсарту операцияларын жүргізу қажеттілігі, диспансерлік есепке қою, сондай-ақ сурдопедагогикалық көмек көрсету бойынша ересектерге және (немесе) балаларға медициналық көмек көрсететін сурдологиялық орталық немесе бөлімше (кабинет) өңірдің тиісті халқының саны есебінен ұйымдастырылады:

ересектер үшін - 100 мың ересек адамға 1 кабинет;

балалар үшін - 60 мың балаға арналған 1 кабинет түрінде ұйымдастырылады.

2-тарау. Оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

1-параграф. Оториноларингологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

9. МҰ қызметінің негізгі бағыттары:

1) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге және есту қабілеті бұзылған пациенттерге білікті, мамандандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету;

2) медициналық көмектің қолжетімділігін және медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін тиімді жүйені құру.

2-параграф. Сурдологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

10. Уақытылы және сапалы сурдологиялық көмек көрсету "Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР-ДСМ-306/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 21849 болып тіркелген) жоғары технологиялық және инновациялық медициналық технологияларды қолдануды қоса алғанда, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың бекітілген стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, КХ сәйкес үзеге асырылады;

11. Сурдологиялық көмек көрсететін МҰ қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) есту қабілетінің профилактикасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) есту қабілеті бұзылған пациенттерді, оның ішінде жаңа туған нәрестелер мен жас балалар арасында аудиологиялық скрининг жүргізгеннен кейін анықтау, есту қабілеті бұзылған пациенттерге диагностика, есту мүшелерін протездеуді және медициналық оңалтуды жүргізу;

3) қызмет көрсетілетін аумақта аудиологиялық скрининг жүргізу мәселелері бойынша ұйымдастыру әдістемелік басшылық;

4) жетекшілік ететін қалалық, облыстық және республикалық орталықтардың аудиологиялық скрининг көрсеткіштерін мониторингілеуге және бағалауға қатысуы;

5) кохлеарлық имплантациялау және есту аппараттарын/сүйек дыбыс өткізгіштігінің, ортаңғы құлақтың импланттарын имплантациялау операциясын жүргізу үшін есту қабілеті бұзылған пациенттерді іріктеу;

6) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін есту қабілеті бұзылған пациенттерді жоспарлы тәртіппен медициналық ұйымдардың оториноларингологиялық бөлімшелеріне іріктеу және жіберу, сондай-ақ есту қабілетінің бұзылуына байланысты ауруға байланысты жоғары технологиялық медициналық көмек күтіп тұрған және алған пациенттердің есебін жүргізу;

7) есту қабілеті бұзылған пациенттердің медициналық көрсетілемдері болған кезде медициналық көмек көрсету үшін бейінді емес мамандарға консультациялар жүргізу үшін өзге де медициналық ұйымдарға жолдау;

8) мүгедектік тобын куәландыру немесе қайта куәландыру қажеттілігі туралы мәселені шешу үшін пациентті тіркелген жері бойынша МСАК ұйымына ДКК-ға жіберу;

9) сурдология және аудиология саласында ақпараттық-түсіндіру және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету үшін халықпен, денсаулық сақтау ұйымдарымен, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

10) есту қабілетінің бұзылуына байланысты сырқаттанушылық пен мүгедектіктің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізуге қатысу;

11) "Есеп беру құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есепке алу және есептік құжаттаманы жүргізу, белгіленген тәртіппен қызмет туралы есептерді ұсыну, денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелер үшін деректерді жинау.

3-тарау. Оториноларингологиялық және сурдологиялық көмек көрсету тәртібі

1-параграф. Оториноларингологиялық көмек көрсету тәртібі

12. Оториноларингологиялық көмекті "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21856 болып тіркелген) сәйкес оториноларингология бойынша мамандандырудан өткен жоғары медициналық білімі бар мамандар көрсетеді.

13. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге білікті медициналық көмекті диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін қажет етпейтін аурулар кезінде "терапия", "педиатрия", "жалпы дәрігерлік практика", "жалпы хирургия" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсетеді.

14. ЛОР-ағзаларының аурулары мен есту қабілеті бұзылған пациенттерге мамандандырылған медициналық көмекті бейінді мамандар көрсетеді және арнайы әдістер мен күрделі медициналық технологияларды қолдануды талап ететін аурулар мен жағдайларды алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді, сондай-ақ медициналық оңалтуды қамтиды.

15. Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді оториноларингологтар көрсетеді және инновациялық, аз инвазивті, арнайы әдістер мен күрделі медициналық технологияларды қолдануды, сондай-ақ медициналық оңалтуды қажет ететін аурулар мен жағдайларды алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді қамтиды.

16. МСАК-та оториноларинголог дәрігердің консультациясы "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №27833 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

17. Пациентті МҰ стационарлық бөлімшесіне емдеу жатқызу:

1) "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР - ДСМ-27 бұйрығына сәйкес пациенттің медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, медициналық көрсетілетін қызметтер порталы арқылы МСАК немесе МҰ мамандарын жолдау бойынша

жоспарлы тәртіппен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) (бұдан әрі № ҚР ДСМ-27 бұйрығы).

2) жолдаманың болуына қарамастан шұғыл көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады;

3) "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР - ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес ақылы негізде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген).

18. Медициналық көрсетілімдер бойынша негізгі емдеу курсынан кейін пациент " Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы №ҚР-ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) (бұдан әрі № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығы) сәйкес амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдар жағдайында жүргізілетін қалпына келтіру еміне жіберіледі.

19. МҰ стационарлық бөлімшесінен шығарған кезде пациентке № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес № 027/е нысаны бойынша амбулаториялық, стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беріледі, онда толық клиникалық диагноз, жүргізілген көлем және тексеру, емдеу нәтижелері (операция техникасының ерекшеліктері көрсетіле отырып – олар болған кезде) және оны одан әрі бақылау көрсетіледі.

20. Кезек күттірмейтін оториноларингологиялық көмек көрсетілгеннен кейін, пациенттер амбулаториялық емделуге тұрғылықты жері бойынша оториноларинголог-дәрігерге жіберіледі, ауруханаға жатқызуды қажет ететіндер – МҰ-ның стационарлық бөлімшесіне жіберіледі.

21. МҰ-да көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан "Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 03 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар көрсетеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21727 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығы).

22. ЛОР-ағзаларының аурулары және есту қабілеті бұзылған пациенттерге ақылы медициналық қызметтерді "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР

ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар көрсетеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27948 болып тіркелген).

23. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге МСАК "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген).

24. Амбулаториялық деңгейде оториноларингологиялық көмек көрсету мыналарды қамтиды:

1) профилактикалық ЛОР-қарап тексерулер, оның ішінде (халықтың нысаналы топтары);

2) диагностикалық зертханалық және аспаптық зерттеулер;

3) емдеу іс-шаралары, оның ішінде шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету, ЛОР-ағзаларының ауруларын диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу манипуляциялары;

4) мамандандырылған медициналық көмек пен жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету үшін МҰ-ға жоспарлы емдеуге жатқызуға іріктеу және жіберу № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес Портал арқылы жүзеге асырылады.

5) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді динамикалық бақылау;

6) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді медициналық оңалту;

7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес алғашқы медициналық құжаттаманы ресімдеу және жүргізу;

8) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы);

9) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді мүгедектік тобын куәландыруға/қайта куәландыруға жіберу.

10) салауатты өмір салтын насихаттау.

25. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге клиникалық-диагностикалық көмек "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген рәсімдер мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-

136/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21470 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы).

26. Клиникалық-диагностикалық көмекті оториноларинголог дәрігерлер жүзеге асырады және мыналарды қамтиды:

1) ЛОР-ағзаларының аурулары және есту қабілеті бұзылған пациенттерге консультациялық, диагностикалық, емдік және оңалту медициналық көмек көрсету;

2) шұғыл медициналық араласуды талап ететін ЛОР-органдардың жіті жай-күйі мен аурулары (жарақаттар, бөгде денелер, термиялық және химиялық күйіктер, жіті ірінді қабыну аурулары) кезінде, ал стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді талап ететін жағдайларда пациенттерді тәулік бойы жедел шұғыл медициналық көмек қамтамасыз етілетін оториноларингологиялық бөлімшеге жіберу кезінде жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету медициналық көмек;

3) халықтың ЛОР-ағзаларының онкологиялық патологиясын анықтау;

4) медициналық ұйымның стационарлық бөлімшелерінен дәрігердің бақылауымен, оның ішінде жедел араласудан кейін шығарылған пациенттерге медициналық ұйым жағдайында бірнеше сағат ішінде медициналық қызметкерлердің қадағалауын талап ететін емдеу іс-шараларын жүргізу қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсету ;

5) емдеудің қайталама курстарын жүргізуді талап ететін созылмалы аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету;

6) пациенттерді хирургиялық емдеу;

7) пациенттерде ілеспе патология болған кезде аралас мамандықтардың дәрігерлерін тарту;

8) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді динамикалық және диспансерлік байқау;

9) тіркеудегі тұрғындардың профилактикалық тексеруге қатысуы;

10) ЛОР-ағзаларының функционалдық жай-күйін қалпына келтіруге бағытталған медициналық оңалтуды жүргізу;

11) оңалту емін ұйымдастыру, тіркеудегі тұрғындар арасында есту қабілетінің жоғалуы мен керендіктің дамуын болдырмауға бағытталған іс-шараларды өткізу;

12) ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді мүгедектік тобын куәландыруға/қайта куәландыруға жіберу.

27. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге және есту қабілеті бұзылған пациенттерге стационарлық көмек № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады .

28. Стационарлық оториноларингологиялық көмек мыналарды қамтиды:

1) ЛОР-ағзаларының ауруларын диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес ЛОР-ағзаларының аурулары бар оториноларингологиялық

пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету;

2) дәрігердің күнделікті қарап тексеруі, емдеуді түзету;

3) келіп түскен кезде бөлімше меңгерушісінің қарап-тексеруі және кейіннен аптасына кемінде бір рет қарап-тексеруі;

4) сабақтас мамандықтардың дәрігерлерімен пациенттердің консультацияларын ұйымдастыру (көрсетілімдер болған кезде);

5) республикалық деңгейдегі кеңесшіні қоса алғанда, біліктілігі анағұрлым жоғары немесе басқа бейіндегі мамандарды (кемінде үш) тарта отырып, диагнозды сәйкестендіруде, пациентті қосымша зерттеп-қарауды жүргізе отырып, жүргізілетін емнің тиімсіздігінде, аурудың диагнозы мен болжамын нақтылау мақсатында емдеу тактикасын айқындауда қиындықтар туындаған кезде консилиумдар ұйымдастыру;

6) эпидемияға қарсы іс-шараларды және ауруханаішілік инфекцияның профилактикасын жүргізу;

7) санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу, халықты гигиеналық тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау;

8) өз бейіні бойынша сырқаттанушылыққа талдау жүргізу және оны төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

9) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттаманы ресімдеу және жүргізу.

29. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге және есту қабілеті бұзылған пациенттерге стационарды алмастыратын көмек "Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Стационарды алмастыратын көмек күндізгі стационар жағдайында ұсынылады.

31. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге стационарды алмастыратын көмек мыналарды қамтиды:

1) күндізгі стационар жағдайында емделуге жататын Лор ауруларын диагностикалау және емдеу (тәулік бойы бақылауды талап етпейтін);

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттаманы ресімдеу.

32. ЛОР- ағзаларының аурулары бар пациенттерге жедел медициналық көмек " Жедел медициналық көмек көрсету, оның ішінде медициналық авиацияны тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы).

33. ЛОР-ағзаларының аурулары бар пациенттерге жедел медициналық көмек көрсетіледі:

1) уақытылы медициналық көмексіз жағдайдың ауырлауына немесе өлімге әкелетін өмірге тікелей қауіп төндірген кезде;

2) өмірге тікелей қатер болмаған, бірақ кез келген уақытта қауіп төндіретін сәт болатын патологиялық жай-күй кезінде;

3) пациенттің өміріне қауіпті емес, бірақ айналасындағыларға тікелей қауіп төндіретін жағдайда.

34. ЛОР- ағзаларының аурулары бар пациенттерге жедел медициналық көмекті " Жедел медициналық жәрдем бригадаларының фельдшері" мамандығы бойынша даярлықтан өткен жедел медициналық көмектің фельдшерлік көшпелі бригадалары; жедел медициналық көмектің дәрігерлік көшпелі бригадалары; "Жедел және шұғыл медициналық көмек" мамандығы бойынша даярлықтан өткен реанимациялық бейіндегі жедел медициналық көмектің мамандандырылған көшпелі бригадалары жүзеге асырады.

35. ЛОР- ағзаларының аурулары бар пациенттер және есту қабілеті бұзылған пациенттер медициналық көрсетілімдер болған кезде оңалту іс-шараларын жүргізу үшін мамандандырылған медициналық және санаторий мен курорттық ұйымдарға жіберіледі.

36. Дауыс аппаратының ауруы анықталған кезде пациент диагностика, қажетті емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізу және динамикалық бақылау үшін фониатриялық көмек көрсететін оториноларингологиялық кабинетке жіберіледі.

37. ЛОР-ағзаларының қатерлі ісігіне күдік туындаған жағдайда оториноларинголог дәрігер диагнозды тексеру және пациентті басқарудың кейінгі тактикасын анықтау үшін пациентті онкологиялық диспансерге жібереді. Пациентті одан әрі емдеу және бақылау "онкология" (ересектер, балалар) мамандығы бойынша дәрігер мен оториноларинголог дәрігердің өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады.

38. Қосымша дифференциалды диагностикаға жататын ЛОР-ағзаларының (туберкулез, мерез, склерома, адамның иммун тапшылығы вирусы, адам папилломавирусы және басқалар) ерекше инфекциялары анықталған кезде пациенттерді медициналық ұйымдардың мамандандырылған бөлімшелеріне жіберу қажет.

39. Сурдологиялық көмекті қажет ететін есту қабілетінің бұзылуы анықталған кезде пациент диагностика және оңалту шараларын жүргізу үшін сурдолог дәрігерге жіберіледі.

40. Есту органдары патологиясы бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек немесе жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсететін

МҰ-да кейіннен кохлеарлық имплантация бойынша операцияға жататын пациенттерді іріктеумен бейінді мамандардың қатысуымен алдын ала консультация жүргізеді.

41. Стационарлық жағдайларда мамандандырылған көмек немесе жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсету аяқталғаннан кейін, пациентке амбулаториялық, стационарлық науқастың медициналық картасынан № 027/е нысаны бойынша, № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес жүргізілген тексеру және емдеу нәтижелерімен, пациентті амбулаториялық-емханалық деңгейде жүргізудің одан әрі тактикасы бойынша және егер бар болса, ұсынымдармен үзінді көшірме беріледі пациенттің белсенді динамикалық байқауға көрсеткіштері бар, олар туралы ақпарат тіркелген жері бойынша МСАК ұйымына беріледі.

42. Лор-ағзаларының аурулары бар пациенттерді және есту қабілеті бұзылған пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету "Қазақстан ұлттық дәрілік формулярын қалыптастыру қағидаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-326/2020 бұйрығына сәйкес ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21913 болып тіркелген).

2 - параграф. Сурдологиялық көмек көрсету тәртібі

43. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін барлық деңгейдегі МҰ "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттаманың жүргізілуін, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР-ДСМ 175/2020 бұйрығы) және "Есеп беру құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік медициналық құжаттаманы ұсынуды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығы) қамтамасыз етеді.

44. МҰ-да көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан "Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 03 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21727 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі –№ ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығы).

45. Есту қабілеті бұзылған пациенттерге ақылы медициналық қызметтерді "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар көрсетеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы).

46. Сурдологиялық бейіндегі пациенттерге клиникалық-диагностикалық көмек "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген рәсімдер мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21470 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы).

47. Сурдологиялық көмекті "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес сурдология бойынша мамандандырудан өткен оториноларингологтар көрсетеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21856 болып тіркелген);

48. Сурдологиялық көмек көрсету меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады;

49. Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек кезең кезеңімен көрсетіледі:

1) бірінші кезең – аудиологиялық скрининг "Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі;

2) екінші кезең- есту қабілетін тереңдетіп тексеру;

3) үшінші кезең - есту мүшелерін протездеу (медициналық оңалту);

4) төртінші кезең – түзету және дамыта оқыту;

5) бесінші кезең – есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдарды ауыстыру "Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21849 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

50. Сурдологиялық көмек көрсетуге жіберу тәртібі:

1) сурдолог дәрігердің консультациясы МСАК және (немесе) стационар мамандарының жолдамасы бойынша: "оториноларингология", "жалпы дәрігерлік

практика", "педиатрия", "неврология" мамандықтары бойынша алдын ала (немесе қорытынды) диагнозды көрсете отырып және жеке жүгіну бойынша жүзеге асырылады;

51. Сурдологиялық бейіндегі мамандар амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда жүргізетін диагностикалық іс-шаралардың көлемі мыналарды қамтиды:

- 1) шағымдарды жинау, анамнез, отоскопия және пациентті тексеру;
- 2) пациентке есту функцияларының қажетті диагностикалық іс-шараларының (көрсетілетін қызметтерінің) көлемін пациенттің жасына қарай сурдолог дәрігер-оториноларинголог айқындайды; зерттеу мақсаттары (ауру, профилактикалық қарап-тексеру; мүгедектік тобын куәландыру/қайта куәландыру; сот-медициналық сараптама) және басқалар;
- 3) диагностиканың субъективті және объективті әдістерін пайдалана отырып, есту қабілетінің бұзылу түрі мен дәрежесін айқындау мақсатында есту қабілетін тереңдетілген (аудиологиялық) тексеру;

52. Есту функциясын зерттеудің субъективті әдістеріне мыналар жатады:

- 1) тональды шекті аудиометрия;
- 2) шекті аудиометрия;
- 3) сөйлеу аудиометриясы;
- 4) ойын аудиометриясы;
- 5) еркін дыбыс өрісіндегі аудиометрия.

53. Есту қабілетін зерттеудің объективті әдістеріне мыналар жатады:

- 1) импедансометрия (тимпанометрия және акустикалық рефлексті тіркеу);
- 2) отоакустикалық эмиссия;
- 3) есту қабілетінен туындаған потенциалдар;
- 4) модуляцияланған тонға шаққандағы стационарлық есту потенциалы;
- 5) есту түтігінің функциясын тексеру;
- 6) акустикалық рефлекстің ыдырау сынағы;
- 7) монториалды тестілеу.

54. 6 жасқа дейінгі балалардың есту функциясын зерттеудің объективті әдістері баланы алдын-ала дайындағаннан кейін табиғи ұйқы кезінде жүргізіледі, жоғарыда аталған әдістермен зерттеу жүргізу мүмкін болмаған жағдайда (әр түрлі себептермен) анестезиологиялық құралды қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

55. Ересек пациенттерге есту функциясын зерттеудің объективті әдістері, тыныш ояту, табиғи ұйқы кезінде, жоғарыда аталған әдістермен зерттеу жүргізу мүмкін болмаған кезде (әртүрлі себептермен), анестезиологиялық құралды қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

56. Есту қабілетінің төмендеу дәрежесін анықтау ДДҰ-ның мына жіктемесіне сәйкес жүргізіледі:

I дәрежелі есту қабілетінен айырылуы (жеңіл) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 26 – 40 децибел;

II дәрежелі есту қабілетінен айырылуы (орташа) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 41-55 децибел;

III дәрежелі есту қабілетінен айырылуы (орташа ауыр) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 56 – 70 децибел;

IV дәрежелі есту қабілетінен айырылуы жоғалуы (ауыр) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 71 – 90 децибел;

керендік – есту қабілетінің орташа айырылуы 90 децибелден асады.

57. Балалар мен ересектердегі есту функциясын аудиологиялық тексеру нәтижелері бойынша сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) мамандары есту бұзылыстарының түрі мен дәрежесіне қарай мамандандырылған медициналық көмек көрсету және (немесе) есту мүшелерін протездеуі, сондай-ақ түзету және дамыта оқыту ұсынылады.

58. Сурдологиялық орталықтың немесе есту функциясының қайтымды бұзылуын бөлімшенің (кабинеттің) мамандары анықтаған кезде пациент оториноларингологиялық бейіндегі диагностика және емдеу КХ сәйкес емдеуге, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасы бойынша СБК ұсынған клиникалық нұсқаулықтарға сәйкес оториноларинголог дәрігерге жіберіледі.

59. Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) мамандары есту функциясының қайтымсыз бұзылуын анықтаған кезде пациент келесі ұйымдарға жіберіледі:

1) көрсетілімдерге сәйкес ортаңғы құлақты, сүйек өткізгіштік импланттарын және кохлеарлық импланттарды имплантациялау бойынша ЖТМК есту мүшелерін протездеу кабинеттеріне (мемлекеттік немесе жеке) және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдарына есту мүшелерін протездеуге;

2) ДКК-да медициналық куәландыру және пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу үшін "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ – 34 бұйрығына сәйкес бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген);

3) баланың білім беру бағытын ұйымдастыру үшін аумақтық ПМПК-ға;

4) "медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге консультацияға;

5) динамикалық байқауды жүзеге асыру үшін пациенттің бекітілген жері бойынша оториноларинголог дәрігерге, жалпы практика дәрігеріне, терапевтке, педиатрға.

59-1. Мүгедектігі бар адамдарды есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету және ауыстыру "Мүгедектігі бар адамдарға

берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32984 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

Мүгедектігі жоқ адамдарға медициналық көрсетілімдер бойынша есту мүшесін протездеу көмегін ұсыну туралы шешім қабылдау жергілікті өкілді органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мүгедектігі жоқ адамдарға медициналық көрсетілімдер бойынша есту мүшесін протездеу көмегін жергілікті атқарушы органдар көрсетеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары мүгедектігі жоқ адамдарды медициналық көрсетілімдер бойынша есту мүшесін протездеу көмегімен қамтамасыз ету үшін медициналық бұйымдарды сатып алады.

Есту аппараттарын, оның ішінде сүйек өткізгіштігін ауыстыру, оларды берген есту мүшесін протездеу кабинетінде орнатқан сәттен бастап 4 жыл өткен соң жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ортаңғы құлақ және сүйек өткізгіштігі импланттарына арналған сөйлеу (аудио) процессорларын ауыстыру 5 жылда 1 рет жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. Стандарт 59-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2025 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Мүгедектік тобын куәландыруға/қайта куәландыруға жіберілген пациенттерге және жасына қарамастан сот-медициналық сараптамадан өтетін пациенттерге есту функциясының қайтымсыз бұзылуын растау үшін сурдологиялық орталықта/ бөлімшеде (кабинетте) мынадай көлемде объективті әдістермен есту функциясына зерттеу жүргізіледі:

- 1) отоакустикалық эмиссияны тіркеу;
- 2) қысқа латентті есту қабілетінен туындаған потенциалдарды тіркеу;
- 3) стационарлық есту қабілетінен туындаған әлеуетті тіркеу;
- 4) импедансометрия;

5) 6 жастан асқан бала санатындағы пациенттерге, ересек пациенттерге есту функциясының жай-күйін бағалаудың субъективті әдістерін жүргізу кезінде барабар жауаптар алу мүмкіндігі болған кезде тоналды шекті аудиометрия да қолданылады.

6) жоғарыда көрсетілген әдістер бойынша талдау мен қорытындыны зерттеу кешені негізінде сурдолог дәрігер жүргізеді.

61. Есту функциясының жай-күйі туралы қорытынды берген кезде сурдолог жабдықтың атауын (аспап моделін, өндіруші компанияны көрсете отырып), жабдықты соңғы калибрлеу және тексеру күнін көрсетеді.

62. Кохлеарлық имплантация, ортаңғы құлақ және сүйек өткізгіштігі белгіленген жүйесі бар объективті зерттеу әдістерімен есту қабілетінің қайтымсыз төмендеуі диагнозы расталған бұрын белгіленген мүгедектік тобы бар пациенттерге мүгедектік тобын қайта куәландыру кезінде есту функциясын тексеруді сурдологиялық орталықта/бөлімшеде (кабинетте) жүргізу талап етілмейді.

63. Сурдологиялық орталықтарда/бөлімшелерде (кабинеттерде) немесе есту мүшелерін протездеу кабинеттерінде есту мүшелерін протездеу тиімділігін бағалау мынадай әдістердің көмегімен жүргізіледі:

1) есту аппаратында/тарында (сөйлеу/ауд (аудио) процессорында/ларында) еркін дыбыстық өрістегі сөйлеу аудиометриясы арқылы;

2) есту аппаратындағы (сөйлеу (аудио) процессордағы/лардағы) еркін дыбыстық өрістегі тональды шекті аудиометрия, сондай-ақ есту аппаратындағы/тарындағы (сөйлеу/ (аудио) процессордағы/ларындағы) пациенттің есту функциясын сурдопедагог бағалауы арқылы;

64. Пациенттер (балалар) есту мүшелерін протездеуінен кейін психологиялық-педагогикалық тексеру үшін аумақтық ПМПК-ға жіберіледі. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар балалардың даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне байланысты түзету және дамытушылық білім алуға жолдама береді.

65. Пациент туралы мәліметтерді МСАК ұйымдары № 052/Е "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" нысаны бойынша диагноз қойылған күннен бастап № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 9-қосымша парағына енгізеді.

66. Өңірлердің орталықтарының, бөлімшелерінің (кабинеттерінің) қызметін мониторингтеудің негізгі үйлестіру функциясы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс сурдологына есептілікпен өңірлердің штаттан тыс сурдологтарына жүктеледі.

4-тарау. Оториноларингологиялық және сурдологиялық қызмет қызметкерлерінің ұсынылатын штаты

67. Лауазымы, лауазымдық міндеттері, біліктілік сипаттамасы "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес белгіленеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген);

68. Сурдологиялық орталықтардың немесе бөлімшелердің (кабинеттердің) штаты мен штаттық нормативтері; есту мүшелерін протездеу кабинеттері, медициналық және педагогикалық персонал лауазымдары "Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21849 болып тіркелген) (бұдан әрі № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығы).

69. Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің), есту мүшелерін протездеу кабинетінің мамандары "Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес бір пациентті қабылдауға арналған уақыт нормативтеріне сәйкес сурдологиялық көмек көрсетеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21849 болып тіркелген). (бұдан әрі № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығы).

70. "Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру ұйымы мен демалыс үйі (санаторий) ересек және балалар сурдологының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 18 сағатты құрайды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12731 болып тіркелген).

5-тарау. Сурдологиялық көмек көрсету үшін ұсынылатын жарақтандыру

71. Сурдологиялық орталық немесе бөлімше (кабинет) "Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-167/2020 бұйрығына сәйкес қажетті жабдықтармен жарақтандырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21560 болып тіркелген).

6-тарау. Сурдологиялық көмек көрсету үшін үй-жайлардың ұсынылатын шарттары

72. Сурдологиялық орталықты/бөлімшені (кабинетті) ұйымдастыру үшін қажетті үй-жайлар № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етіледі.

73. Аудиологиялық зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайдың ауданы 8-ден 24 м²-ге дейін құрайды.

74. Бағдарламаларды баптауға арналған үй-жайдың ауданы: кохлеарлық имплантация жүйелерінің, ортаңғы құлақтың, сүйекті өткізудің және есту аппараттарының аудио (сөйлеу) процессорлары 8-ден 24 м²-ге дейін.

75. Есту функциясын зерттеуге арналған үй-жайлар дыбыс өткізбейтін есіктермен, терезелермен жабдықталады. Қабырғалар, төбелер, едендер және желдету жүйесі шу естілмейтін және дыбыс өткізбейтін материалдармен қапталады.

76. Үй-жайда шудан қорғау кабинеті болған кезде кабинеттің, (бөлменің) алаңы қосымша дыбыс оқшаулағыш және дыбыс өткізбейтін материалдар пайдаланылмайды.

77. Есту функциясын зерттеуге, бағдарламаларды баптауға арналған үй-жайларда реверберация уақыты: кохлеарлық имплантация жүйелерінің, ортаңғы құлақтың, сүйекті өткізудің және есту аппараттарының аудио (сөйлеу) процессорлары 0,25 секундтан аспауы тиіс.

78. Октавалық жолақтың қоршаған шуыл деңгейі мына мәндерден аспауға тиіс:

Октавалық жолақтың орталық жиілігі, Герц	125	250	500	1000	2000	4000	8000
Бөлмеден тыс қоршаған шуыл деңгейі, децибел	65	61	61	80	90	95	95

79. Сурдологиялық көмек көрсетуге арналған жабдықты калибрлеу және тексеру жылына 1 рет жүргізіледі.